|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | Если Товары должны быть поставлены частями (Поставка Частями), в соответствии со Статьей 10, отдельная договоренность в отношении оплаты Суммы должна быть подтверждена и согласована Сторонами.                                                                                                                              | Егер тауарлар 10-бапқа сәйкес бөліп (Бөліп жеткізу) жеткізілуі тиіс болса, Соманы төлеуге қатысты жеке уағдаластық Тараптар арасында расталуы және келісілуі тиіс.                                                                                                                                                              | If the Goods are to be delivered by instalments (Partial Deliveries) in accordance with Article 10, separate arrangements with regards to payment of the Price shall be confirmed and agreed between the Parties.                                                                                                 |
| 14.17 | В случае включения банка Поставщика в санкционные списки, Поставщик обязан изменить банковские реквизиты для оплаты на реквизиты банка, не включенного в санкционные списки. При этом, Покупатель освобождается от ответственности за несвоевременную оплату Поставщику до момента устранения Поставщиком данного требования. | Жеткізушінің банкі санкциялық тізімдерге енгізілген жағдайда, Жеткізуші төлем жасау үшін банктік деректемелерді санкциялық тізімдерге енгізілмеген банктің деректемелеріне өзгертуге міндетті. Бұл ретте Сатып алушы Жеткізуші осы талапты жойған сәтке дейін Жеткізушіге уақытылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатылады. | If the Supplier's bank is included in the sanctions lists, the Supplier shall change the bank details for payment to the bank details not included in the sanctions lists. In this case, the Buyer is relieved of responsibility for late payment to the Supplier until the Supplier eliminates this requirement. |

### 15 ФИНАНСОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ / ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ / SECURITY

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15.1 | Если авансовые или промежуточные платежи Поставщику производятся в соответствии с настоящим Договором Поставки, Поставщик соглашается предоставить оригинал безотзывного и безусловного резервного аккредитива или банковской гарантии в соответствии со Статьей 15.2 ниже, выданные в пользу Покупателя, на полную сумму подлежащих исполнению авансовых или промежуточных платежей (« <b>Финансовое обеспечение авансовых платежей</b> »). | Егер Жеткізушіге аванстық немесе аралық төлемдер осы Жеткізу шартына сәйкес жүргізілсе, Жеткізуші Сатып алушының пайдасына берілген төменде 15.2-бапқа сәйкес қайтарылмайтын және шартсыз резервтік аккредитивтің немесе банктік кепілдіктің түпнұсқасын орындауға жататын аванстық немесе аралық төлемдердің (« <b>Аванстық төлемдерді қаржылық қамтамасыз ету</b> ») толық сомасына беруге келіседі. | If advance or progress payments are made to the Supplier pursuant to this Purchase Order, the Supplier shall agree to provide the original irrevocable and unconditional stand-by letter of credit, or a bank guarantee, compliant with Article 15.2 below, issued in favor of the Buyer, for the full amount of the advance or progress payments due (« <b>Advance Payment Security</b> »). |
| 15.2 | Такое обеспечение авансовых платежей осуществляется на следующих условиях:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Осындай аванстық төлемдерді қамтамасыз ету мынадай талаптармен жүзеге асырылады:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Such Advance Payment Security shall be on the following terms:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| a)   | оплачивается по предъявлению;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | ұсыну бойынша төленеді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | payable at sight;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| b)   | выдается в такой форме и в таком банке, которые приемлемы и одобрены Покупателем;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын және мақұлдаған нысанда және банкте беріледі;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | issued in a form and by a bank acceptable to and approved by the Buyer;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| c)   | оплачивается в валюте данного Договора Поставки; и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | осы Жеткізу шартында көрсетілген валютада төленеді; және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | payable in the currency of this Purchase Order; and                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| d)   | если иное не указано в Особых Условиях, действует до полной поставки Товара в соответствии с данным Договором Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | егер Ерекше талаптарда басқасы көзделмесе, осы Жеткізу шартына сәйкес Тауарады толық жеткізгенге дейін жарамды болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                 | unless otherwise specified in the Special Terms and Conditions, valid until the Goods are supplied in full in accordance with this Purchase Order.                                                                                                                                                                                                                                           |
| e)   | Если банк Поставщика, который выпустил банковскую гарантию/аккредитив, войдет в список санкционных банков, Поставщик незамедлительно обязан заменить банковскую гарантию Покупателю. При этом проект банковской гарантии должен быть предварительно письменно согласован с Покупателем.                                                                                                                                                      | Егер банк кепілдігін/аккредитивін шығарған Жеткізушінің Банкі санкциялық банктер тізіміне енсе, Жеткізуші дереу Сатып алушыға банктік кепілдікті ауыстыруға міндетті. Бұл ретте банк кепілдігінің жобасы Сатып алушымен алдын ала жазбаша келісілуі тиіс.                                                                                                                                              | If the Supplier's bank that issued the bank guarantee/letter of credit is included in the list of sanctioned banks, the Supplier shall immediately provide a replacement bank guarantee to the Buyer. At the same time, the draft bank guarantee must be previously agreed in writing with the Buyer.                                                                                        |
| 15.3 | Любые расходы, связанные с выпуском аккредитива или банковской гарантии, осуществляются за счет Поставщика.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Аккредитив немесе банк кепілдігін шығаруға байланысты кез келген шығыстар Жеткізушінің есебінен төленеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Any and all expenses related to issue of letter of credit or bank guarantee shall be borne by the Supplier.                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

### 16 СОБЛЮДЕНИЕ НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА / САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ / TAX COMPLIANCE

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 16.1 | Поставщик несет ответственность и должен своевременно выплачивать все налоги, налагаемые на Поставщика или его сотрудников в отношении настоящего Договора Поставки. В случае если в соответствии с законодательством Республики Казахстан Покупатель обязан удерживать какие-то налоги, то Покупатель вычитает соответствующие налоги из Суммы, | Жеткізуші осы Жеткізу шартына қатысты Жеткізушіге немесе оның қызметкерлеріне салынатын барлық салықтарды уақытылы төлеуге тиіс және жауапты болады. Егер Сатып алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да бір салықтарды ұстауға міндетті болса, онда Сатып алушы тиісті салықтарды Жеткізушіге тиесілі Сомадан шегереді. | The Supplier is liable for, and shall pay in timely fashion, all taxes of any kind applicable to the Supplier or its employees relating to this Purchase Order. If in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan, the Buyer is obliged to withhold any taxes, the Buyer shall deduct the relevant taxes from the Price due to the Supplier. |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|      | причитающейся Поставщику.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 16.2 | Поставщик-резидент Республики Казахстан, обязан отражать все обороты по реализации Товаров Покупателю в своей налоговой отчетности по НДС в срок, установленный Налоговым Кодексом Республики Казахстан для представления в налоговый орган декларации по НДС, с учетом периода продления в соответствии с подпунктами 2), 3) пункта 3 статьи 212 Налогового Кодекса Республики Казахстан.                                                                                                                                                                                                                                                             | Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 212 бабының 3-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, ҚҚС бойынша декларацияны салық органына беру үшін ҚҚС бойынша өзінің салық жөніндегі есептілігінде Тауарларды Сатып алушыға сату бойынша жүргізілген барлық айналымдарды Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мерзімде көрсетуге міндетті.                                                                                                                                                                                                                               | The Republic of Kazakhstan Resident Supplier shall reflect all the turnover of the Goods supplied to the Buyer in its VAT returns at the time stipulated in the Tax Code of the Republic of Kazakhstan for submitting the VAT return to the tax authorities, taking into account to the prolongation period in accordance with Sub-Clauses 2), 3) of Clause 3 of Article 212 of the Tax Code of the Republic of Kazakhstan.                                                                                                                                                                                     |
| 16.3 | В случае если при проведении налоговой проверки по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату налоговыми органами, будет установлен факт сокрытия Поставщиком (или субпоставщиками Поставщика) или некорректного отражения оборотов по реализации в адрес Покупателя (или субпоставщиками Поставщика в адрес Поставщика), Поставщик обязан по требованию Покупателя в 1,5-кратном размере возместить Покупателю документально подтвержденные суммы НДС, исключенные из возврата в соответствии с требованиями Налогового Кодекса Республики Казахстан и подписать при этом соответствующий акт сверки взаиморасчетов. | Егер қайтаруға қойылған ҚҚС сомасынан асатын ақша сомасының дұрыстығын растау бойынша салық тексерісін жүргізу кезінде салық органдары Жеткізушінің (немесе Жеткізушінің қосалқы жеткізушілерінің) жасырғанын немесе Сатып алушының (немесе Жеткізушінің атына Жеткізушінің қосалқы жеткізушілерінің) атына сату бойынша айналымдарды дұрыс көрсетпеу фактісін анықтаған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушының талап етуі бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес құжатпен расталған қайтарудан шығарылған ҚҚС сомасын Сатып алушыға 1,5 еселенген мөлшерде өтеуге міндетті және бұл ретте тиісті өзара есеп айырысу актісіне қол қояы тиіс. | If during a tax audit to confirm the reliability of the excess amount of VAT submitted for refund by the tax authorities, the same detect the fact of concealment or incorrect reflection by the Supplier (or the Supplier's sub-suppliers) of the turnover of sales to the Buyer (or by the Supplier's sub-suppliers to the Supplier), the Supplier must, at the Buyer's request, compensate to the Buyer the 1.5-fold documented amount of VAT excluded from the refund in accordance with the requirements of the Tax Code of the Republic of Kazakhstan and sign an appropriate Reconciliation Certificate. |
| 16.4 | При этом, основанием, свидетельствующем о неисполнении Поставщиком своих обязательств по декларированию сумм НДС, служат акты документальных налоговых проверок по подтверждению достоверности суммы превышения НДС, предъявленного к возврату.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Бұл ретте Жеткізушінің ҚҚС сомаларын мағлұмдау бойынша өзінің міндеттемелерін орындамауын куәландыратын негіздеме – қайтаруға қойылған ҚҚС сомасынан асатын ақша сомасының дұрыстығын растау бойынша құжаттық салықтық тексеру актілері болып табылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | In this case, the evidence of the Supplier's failure to fulfill its obligations to declare VAT amounts shall be the reports on documental tax audits of the validity of the excess VAT amount submitted for refund.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 16.5 | В случае, если сумма НДС была ранее возвращена из бюджета Республики Казахстан, но не подтверждена в последующем по результатам налогового контроля Республики Казахстан (т.е. Поставщик аннулировал, отозвал ранее выписанные электронные счета-фактуры), Поставщик-резидент Республики Казахстан, обязан по требованию Покупателя возместить сумму НДС и сумму пени за каждый календарный день с даты возврата из бюджета в размере, указанном в пункте 4 статьи 104 Налогового Кодекса Республики Казахстан.                                                                                                                                        | Егер ҚҚС сомасы бұрын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылған, бірақ кейіннен Қазақстан Республикасының салықтық бақылау нәтижелері бойынша расталмаған жағдайда (яғни Жеткізуші бұрын жазып берілген электрондық шот-фактуралардың күшін жойған, кері қайтарып алған), Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Сатып алушының талабы бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде бюджеттен қайтарылған күннен бастап әрбір күнтізбелік күн үшін ҚҚС сомасын және өсімпұл сомасын өтеуге міндетті.                                                                                                     | If the VAT amount was earlier returned from the budget of the Republic of Kazakhstan, but not confirmed subsequently by the results of the tax control of the Republic of Kazakhstan (i.e. The Supplier canceled or revoked previously issued electronic invoices), the Supplier who is a resident of the Republic of Kazakhstan is obliged, at the Buyer's demand, to reimburse the amount of the VAT and the penalty fee, specified in Clause 4 of Article 104 of the Tax Code of the Republic of Kazakhstan, for each calendar day of the date of the refund from the budget.                                |
| 16.6 | Поставщик-резидент Республики Казахстан, обязан соблюдать требования налогового законодательства Республики Казахстан в части обязательного оформления электронных сопроводительных накладных на товары (СНТ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Жеткізуші-Қазақстан Республикасы резиденті Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тауарларға арналған электрондық ілеспе жүкқұжаттарды (ТІЖ) міндетті рәсімдеу бөлігіндегі талаптарын сақтауға міндетті.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | The Republic of Kazakhstan Resident Supplier is obliged to comply with the requirements of the tax legislation of the Republic of Kazakhstan for mandatory registration of electronic waybills for goods (SNT).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 16.7 | Поставщик заверяет и гарантирует на протяжении действия настоящего Договора Поставки, что:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Жеткізуші осы Жеткізу шартының қолданылу мерзімі ішінде келесілерді растайды және кепілдік береді:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | During the validity period of the Purchase Order, the Supplier represents and warrants that:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| a)   | он и/или его контрагенты (подрядчики, поставщики), привлеченные для исполнения настоящего Договора, не включены в:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | осы Шартты орындау үшін тартылған өзінің және/немесе өзінің контрагенттерінің (мердігерлерінің, жеткізушілерінің) жойылу кезеңінде емес екеніне;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | the same and/or its counterparties (contractors, vendors) engaged in the execution of this Purchase Order are not included in:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| i    | списки неблагонадежных налогоплательщиков,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | сенімсіз салық төлеушілердің тізіміне енгізілмегеніне,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | the list of unreliable taxpayers,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| ii   | список налогоплательщиков, по которым приостановлена выписка электронных счетов-фактур,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | электрондық шот-фактураларды жазып беру тоқтатыла тұрған салық төлеушілердің тізіміне енгізілмегеніне,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | the list of taxpayers for whom the issuance of electronic invoices has been suspended,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| iii  | списки налогоплательщиков, по которым возвращены                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | the lists of taxpayers in respect of which tax authorities'                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |



|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
